А. ОҢҒАРҰЛЫ

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ЕРТЕ КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ЭЛИТАЛЫҚ ОБАЛАРЫН ТОПТАУ МЕН ЖІКТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ

Ерте темір дәуірі қоғамдық құрылысындағы, тұрмысындағы және шаруашылығындағы өзгерістер обалардың салынуына әсер етпей қоймады.Шаруашылықтың жетекші саласы ретінде қола дәуірінде-ақ орныққан мал шаруашылығы далалық, таулы-далалық және шөлейтті кеңістіктерде жартылай көшпелі, көшпелі формаға айналды, бұл өз кезегінде айырбастың дамуына, артық өнімнің пайда болуына әкелді. Сақ қоғамында алғашқы рулық қатынастар ыдырап, жаңа әлеуметтік құрылымның қалыптасуы аяқталған еді.

Жерлеу-ғұрыптық ескерткішті басты бағдарға ала отырып, ерте көшпелілер қорғандарының тізбек, үйінді, қабір іші және қорған маңы құрылыстары негізінде ғылымдағы қалыптасқан пікірлерді қарастыра отырып, топтау мен жіктеу мәселелеріне талдау жүргізуді мақаланың мақсаты етіп алып отырмыз.

Тізбектер, олардың орналасуындағы заңдылықтар

Жерлеу материалдарына қарағанда, сақтарда ата-баба аруағына, отбасы-рулық әулиелер мен желеп-жебеушілерге сыйыну ғұрыптары болған[1]. Ғұрыптардың шығуы өлген тумаларының мәңгі жасайтынына, өлгендер өз рулық қауымның салттары, үйреншікті ғұрыптары мен ережелері бойынша өмір сүре беретін о дүние бар деген сенімге негізделген. Осыдан келіп өлген адаммен бірге оның беделі мен қауымдағы алатын орнына қарай мүліктің көмілуі, қауым жеріндегі рулық зиратта атқарылатын әрбір тайпаға немесе тайпалар тобына тән күрделі жерлеу ғұрпы шыққан[2].

Осы жерлеу ғұрпы негізінде әр әлеуметтік топқа жататын қауым өкілдерінің үлкенді-кішілі көлемдегі, биіктіктегі қорғандары бір жерге шоғырлана, не жүйесіз түрде немесе тізбектеле бір бағытта әр уақытта салынып отырған.

Ертетемір дәуірінде қарқынды дамыған қорғандар тобының орналасқан жері жөнінде де талас пікірлер көп. Марсадолов, П. И. Шульга т.б ғалымдар обалар тізбегі қыстау маңында орналасқан десе[3], басқа ғалымдар обалар тобы, яғни рулық зират қасиетті деп саналатын жер жәннатында орналасқан[4], - дейді.

Жалпы обалардың орналасқан жерін, орналасу тәртібін, тізбектердің салынуын, дамуын талдауға зерттеушілер соңғы жиырма жылдықта ғана кірісті. Олардың ішінен ерекше В. Д. Кубаревті, М.П.Чернопицкийді және С. С. Сорокинді атауға болады[5]. Сондықтан да бұл мәселе мүлдем зерттелмеген, тың күйінде жатыр.

Обалар тізбегі – ертетемір дәуіріндегі обалар тобы салынуының негізгі формасы. Обалар тізбегінің салына бастауы сол дәуірдегі экономикалық-әлеуметтік өмірдегі өзгерістерге тікелей байланысты. Бастауын қола дәуірінен алатын алғашқы рулық қатынастардың ыдырауы нәтижесінде алғашында үлкен патриархаттық, ал одан кейін шағын және моногомиялы отбасылар оқшаулана бастады және байлықтық қорлануы жеке адамдық меншікке әкелді.

Мақаланың зерттеу нысаны етіп алып отырған элиталық обалардың әр өлкедегі орналасу ерекшеліктеріне тоқталсақ, б. э. д VII ғасырда жоспарлана бастаған құрамында міндетті түрде доминант-обасы бар тізбектер солтүстіктен оңтүстік бағытқа қарай және 45 градусқа ауытқымалы түрде орналасқан[6]. Бұл ауытқуларды зерттеуші Л.С.Марсадолов ландшафтпен байланыстырады. Егер Қазақ Алтайындағы Берел қорымының орналасуындай ландштафт құрылысы батыстан шығысқа қарай созыла жатса, онда тізбек градусқа қарай ешқандай ауытқусыз орналасады.

Обалар тізбегі заңдылықтарын зерттегенде элиталық обаларды хронологиялық бөлініс бойынша қарағанда дұрыс сияқты. Б.э.д VII-VI ғғ. яғни ерте темір дәуірінің ерте кезеңіне Шығыс Арал бойындағы Үйғарақ, Оңтүстік Түгіскен және Шығыс Қазақстандағы Шілікті обалары жатады. Қысқа мерзімде өмір сүрген (б.э.д VII-VI ғғ.) сексен обадан тұратын жақсы зерттелінген Үйға-

[1] *Бессонова С.С.* Религиозные представление скифов. Киев. 1983. 29 б.
[2] *Руденко С.М.* Горно-Алтайские находки и скифы. М., 1952. 203 б.
[3] *Марсадолов Л.С.* Хронология Алтайских курганов (VIII–VI вв. до.н.э). автореф.дисс. к.и.н. Л., 1985. 34 б.
[4] *Самашев З.С.* Берел. Алматы., 2000. 5 бет. *Шилов Ю.А.* Космические тайны курганов. М., 1987.
[5] *Руденко С.М.* Горно-Алтайские находки и скифы. М., 1952. 203 б.
[6] *Марсадолов Л.С.* Хронология Алтайских курганов (VIII–VI вв. до.н.э). автореф.дисс. к.и.н. Л., 1985. 34 б.

рақ ескерткіші үш шоғырдан тұрады. Шығыс топта обалар анық бір жүйелі түрде орналаспаған. Тек осы топтың солтүстік-батысында үш-төрт доминант обалар кезігеді және осы обалар маңында екі қатар етіліп созылған төрт-бес обадан тұратын тізбек жатыр. Қорымның басқа топтарында тізбектеле келген обалар тобы жоқтың қасы. Тек батыс тобындағы жиырма бір оба жымдаса, орталыққа қарай шоғырлана жүйесіз орналасқан. Енді бір Іңкәрдәрияның құрғап қалған арнасында, биіктік жерде орналасқан көршілес Оңтүстік Түгіскен қорымы тағы үш топтан тұрады. Ерекшелігі: солтүстікте орналасқан тоғыз обадан тұратын топ №4, №8 оба-доминанттар маңына екі жерде шоғырланып келген. №8 оба-доминантқа батыстан кіші размерлі үш оба тиіп жатыр, ал №4 оба-доминанттан солтүстік-батысқа бағытта. Бұл екі обалар соңғы қола дәуіріне жататын Солтүстік Түгіскен мавзолейі жанында орналасқан. Ал оңтүстіктегі топ жүйелі түрде солтүстікке қарай және солтүстік-батысқа қарай ауытқумен тізбектеле орналасқан және бір тізбекте он шақты оба келуі ерекше.

Осыдан шығатын қорытынды, бір өзеннің құрғап қалған арнасында отыз шақырым алшақтықта жатқан Үйғарақ пен Оңтүстік Түгіскен обаларының әрқайсысы үш жерде шоғырлана орналасқан және Солтүстік Түгіскендік қола дәуірінің қорымынан бастап салынған Түгіскен обалары оңтүстігінде жүйелі түрде тізбектеле жайғасады. Ал Үйғарақта да осындай тәртіп қайталанады. Менің ойымша, батысында бір жерге шоғырлана орналасқан топ ескерткіштері ерте темір дәуірінің ерте кезеңіне жатады. Ал кейін қоғамда бір үйінді астында жалғыз жерленген бекзадалар жерлеулерінің шығуы жүйелі түрде тізбектеле орналасқан обалармен қатар кейінгі кезеңге тән қасиет еді.

Үйғарақ қорымының аз да болса тізбектелген шығыс тобы ерте темір дәуірінің дамыған кезеңіне тән ерекшелікте. Яғни, Үйғарақ обалары батыстан шығысқа қарай тарала салынған. Батыстағы топқа үйіндінің кіші және орташа көлемді, қарапайым түрде болып келуі тән болса, шығыстық топта оба-доминанты бар жүйелі түрде орналасу тән. Ал Оңтүстік Түгіскенде де солтүстікте қола дәуірінде некрополь маңында орналасқан обалардағыдай қарапайым кіші көлемді, жүйесіз. Оңтүстік топтағылар солтүстік бағытта тығыз орналасқан. Сонымен бірге Шілікті қорымынан алынып отырған қызықты мәлімет менің сөзімді растайтындай. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай бағытталған елу бір обадан тұратын бұл қорым ескерткіштері орналасуында ешқандай жүйе жоқ, шашырап жатыр. Мүмкін бұл сегіз шақырымға созылған обалардың Маңырақ пен Тарбағатай тауларының арасында 80х30 шақырым көлемдегі бай жайылымда жатуымен және тек ғана ірі размерлі (диаметрі 100 метр, биіктігі 8-10 метр) обалардың орналасуымен ерекшеленеді. Осы оба материалдары тізбектеле орналасқан обалар тобы б.э.д VI ғасырдан бастап шықты деген пікірді растайтындай[7].

Хронологиялық бөлініс бойынша екінші, дамыған кезеңде обалар орналасуында жинақылық, жүйелік пайда болды[8].

Кіші көлемді обалардың оба-доминант маңына топтаса тұруы заңды құбылысқа айналады. Бұл жағдай Берел обаларынан айқын білінеді. Бұл қорымда үш-төрт оба-доминант кездеседі. Кей өлкеде, мысалы Жетісудағы Есік обасы орналасқан солтүстіктен оңтүстікке қарай созылған тізбекте қырық бес оба орналасқан және мұның көбі элиталық обалар. Іле Алатауының солтүстігі мен Іле аңғарындағы обаларды зерттеу бұл мекенді қасиетті "патшалар" елі деп атауға итермелейді[9].

Құрамында Бәйте ғұрыптық ескерткіші бар Каспий-Арал өңірінің обаларында ешқандай тізбектеле немесе шоғырлана орналасу жоқ. Ғұрыптық ғибадатханалардың ежелгі сауда жолдарының бойында, кезекті жанға жайлы, малға ыңғайлы, құдықты жерде салынуымен түсіндірілсе керек. Ал Аралтөбе жерлеу ескерткіштері тек шығыстан батысқа қарай созылған үш үлкен обадан тұрады[10]. Осындай әр өлкенің өзіндік ерекшеліктері де бар. Мұны ескермеске болмайды. Ал обалардың салыну заңдылықтары қалай болды деген сұраққа келсек, менің ойымша сол тізбектің басталуы және кейін жалғасын тауып салынуы оба-доминанттарымен байланысты. Сол қоғамның беделді адамына құдайдай табынушылықты үлкен обалар маңына кіші обалардың салынуын қарастырсақ, сол

[7] *Грязнов М.П.* Алтай и Приалтайская степь // Археология СССР. Степи Азиатской части скифо-сарматского время. М., 1992. 256 б.

[8] *Грязнов М.П.* Аржан. М., 1980. 17 б.

[9] *Акишев К.А.* Идеология саков Семиречья // КСИА. 1978. Вып. 154.

[10] Могильник Аралтобе. Отчет ЗКАЭ (1999).

тізбекті үлкен рулық әулеттің зираты ретінде қарауға болады. Бұл тізбектің әр жылда, не әр жүз жылда да жалғаса келуін рулық әулеттің өміршең екендігімен түсіндіруге болады.

Үйінді және оның құрылысы

Обаның қабір үсті құрылысын үйінді деп атайды. Оба конструкциясының бөлінбес бөлшегі ретінде үйінді әр дәуірде әр формада, әр мәнде қолданылды. Бірақ обаны тұрғызу дәстүрі сақталды. Ерте темір дәуіріндегі көшпелі мал шаруашылығының тез дамуы, жеке байлық көзінің қорлануы әлеуметтік топты өмірге әкелді[11]. Бұл өз кезегінде оба тұрғызу дәстүрінің тек мағынасын өзгертті. Элиталық обалар деп аталатын ішінде жеке адам, әлеуметтік дәрежесі бойынша мүлкімен, атымен жерленген ерекше үлкен размерлі, биік оба үйінділерден тұратын далалық "пирамидалар" бой көтерді. Қазіргі таңда Қазақстан территориясында элиталық обалардың нашар зерттелінуі кезінде кеңестік зерттеуші-ғалымдарға Орта Азиядағы мұндай обалар Солтүстік Каратеңіз бойынан келген обалық дәстүр негізінде пайда болды деуге итермелегені шындық[12]. Бірақ оба тұрғызу дәстүрі мен әлеуметтік құрылысты ассимиляциядан басқа көрші мәдениеттен алып, өзіне тән ету мүмкін емес. Тек дала және орманды- дала көшпелілерінің тарихи дамуының әркелкілігі әр өлке ерекшелігін ашып береді.

Сонымен үйінді құрылысына келер болсақ, б.э.д VII–V ғасырға жататын Үйғарақ, Оңтүстік Түгіскен обалары көлемі кішірек, аласа болуымен ерекшеленеді. Бұл өз кезегінде оба үйіндісі қабатын, негізін зерттеп білуге кедергілер келтіреді. Дей тұрғанмен екі қорымның адамды қабірге коюда және қабір іші құрылымында көптеген ерекшеліктері болса да, жер беті құрылысы жағынан ортақ ұқсастықтары баршылық: үйінділердің диаметрі 9-40 метр, ал биіктігі 0,3-2 метр. Оңтүстік Түгіскенде қабір шұңқыры үстіне қоңыр құмдақ пен жұмыр тас аралас топырақ үйінді тұрғызылса, Үйғарақ обалары өзіндік көне горизонтта адамды жерлеу мен оның үстіне сырғауылдан тұрғызылған қаңқалы құрылымда болуымен ерекшеленеді. Бұл құрылым үстін шөмшектермен жабу, не өртеу салты оны Солтүстік Түгіскендегі қола дәуірінің қарапайым түрімен ұқсастырды[13]. Бекзада обаларының көбінде жерлеу камерасы 1-2,5 метр тереңдіктегі шұңқырда орналасса, тек Үйғарақ пен Бесшатырда жер бетінде болды.

Құрылымы жағынан айрықша топты құрады. Бесшатыр сағанасы үш бөліктен тұрады: 5,75х13 метр ашық көлемде. 3-5 метр биіктікте коридор; төртбұрышты жерлеу камерасының шығыс жағына жақын 1,75-2,5 метрге дейін созылған жанама құрылыс және 3,60х3,30 метр көлемді алып жатқан 4 метр биіктіктегі жерлеу камерасы.

Бесшатыр сағанасының кереметтігі Қазақстанда бұрын ашылмаған күрделі архитектуралық құрылыстың болуында және осындай типтегі құрылыстың Солтүстік Каратеңіздегі скиф ескерткіштерінде кейін ғана шыққандығында жатса керек. Бесшатырдағы ағаш құрылысты жер беті жерлеу камерасы тұрған үйдің имитациясы болып келеді. Себебі қабір бөренелерінің бұрыштары қиылыса, бекітіле орналаспаса да, бөренелер кептірілген, қабығы алынып өңделген және құрылыстың шығысында 150х75 сантиметр көлемде кесік-есік жасалған.

Осылай жер бетіндегі үйіндіде бөренеден құрылыс тұрғызу элиталық обалар аңғары Шіліктінің №5 обасынан да кездеседі. Қабір шұңқырын шығыстан батысқа қарай созыла жауып жатқан 0,15-0,40 метр диаметрдегі бөренелер көлденең және ұзыннан қойылып, тор құра орналасқан. Құрылыстан шығыс бағыттағы дромос үстін бір қабат бөренелер жапқан және негізгі конструкциядағы бөренелер арасындағы ашық кеңістікті ірі немесе кіші размерлі тастармен толтырған. Үйінді астындағы бұл жер беті құрылысының биіктігі мөлшермен 2,6-3 метр. Сонымен обалар жер беті құрылысында адамды жерлеген ерекшелігі бар Бесшатыр мен Үйғарақ болып отыр. Үйғарақ обалары көлемінің онша үлкен еместігіне қарамастан, мұнда жерлеу үстінен жеңіл қаңқалы (сырғауылдан) құрылыс тұрғызған. Оны жерлеудің төрт бұрышында және жерді айналдыра, тіпті екі қатар болып келген 0,1-0,5 метр ендігі, тереңдігі 0,2-0,6 метр дөңгелек шұңқырлар және онда сақталған ағаш қалдықтары растайтындай. Яғни, қаңқасы сырғауылдан тұратын құрылыс үстін қамыс немесе шөмшекпен жапқан. Ал Шілікті №5 обаның ерекшелігі жер бетінде өзіндік конструкциясының болуында. Бірақ бұған жер бетінде адамды кою тән емес.

[11] Қазақстан тарихы. Алматы. 1996. 1-т. 215 бет.

[12] *Марков Г.Е.* Кочевники Азии. М., 1976.

[13] *Толстов С.П.* Приаральские скифы и Хорезм. // XXV Международный конгресс востоковедов. Доклады делегаций СССР. М., 1960. 139-141 бб.

Б.э.д VII–V ғасырға жататын обалар ішінен көлемі жағынан үлкен, үйіндісі бірнеше қабаттан тұратын Шілікті обасы. Осындай маңыздағы обаның жер беті құрылысы үстін 3-4 метр қалыңдықта саз балшық жапқан. Одан кейін әр қабаты 0,3-0,4 метр қалыңдықтағы құм мен жұмыр тас аралас үш-бес қабат келеді немесе үйінді үстін етегі үш метр қалыңдықта, үсті он бес сантиметр қалыңдықта келетін ірі жұмыр тастар жауып жатыр. М. И. Петухов жасаған реконструкция бойынша кезінде оба диаметрі 45 метр, биіктігі 10 метр болған[14].

Жалпы адам өлгенге дейін немесе кейін салына бастаған ерте көшпелілер обаларының көлемі жағынан үлкендігі және онда сан алуан ғұрыптардың орындалуы оба тұрғызылуының бірнеше сатыдан тұратындығын көрсетеді. Сөзімді Бесшатыр обасын зерттеуші К. А. Ақышевтің белгілі бір уақытқа дейін Бесшатыр жерлеу камерасы ашық тұрған деуі дәлелдейтіндей[15]. Яғни, тас аралас топырақтан тұратын үйінді тек жерлеу камерасын және дәліздің сыртын жапқан. Оған дәлел бөренелердің ұзақ уақыт күннің астында тұруы жарықшақталынуы. Қазақстандағы элиталық обалардың әрқайсысы өзінің орналасуындағы географиялық ерекшелігіне байланысты тұрғызылғаны анық.

Ерте көшпелілердің оба үйінділері үш-он сегіз қабаттан тұрады және негізгі қолданылатын жұмыр тастар, саз және құмдақ топырақтар. Осы қабаттарда қамыс, бұта шөмшектері, курил шайы т.б араласып келеді. Оба үйіндісін зерттеу объектісі ретінде қараған Л.И Погодиннің айтуынша, үйіндінің тұрғызылуының (әсіресе элиталық обаларда) өзі бірнеше кезеңдерден тұрады және оның түр негізінде ерте көшпелілердің жерлеу ғұрпын, дүниетанымын ашып берер мол мәлімет жатыр[16]. Яғни, оба құрылысын зерттеу ғылымда "қатып" қалған пікірлерді (ретсіз, жүйесіз үйме) терістеп, мәселені басқа қырынан қоюды талап етеді. Соңғы жылдары жүргізілген археологиялық экспедицияларда обаларды қазып зерттеуде осындай мақсаттар қойылуда. Соның бірі З. С. Самашев жетекшілік ететін Батыс Қазақстанның және Шығыс Қазақстан археологиялық экспедиция еді. Қазақстанның әр өлкесінде өзіндік ерекшелігі бар дегенде Қазақ Алтайындағы, жалпы Алтайдағы Пазырық мәдениетіне жататын обалар үйіндісі тек тастан екендігін айта кеткен жөн[17]. Терморетеуші функциясын атқарған тас жабынды тегістелген горизонтальды жерде бір-біріне "күмбез" сияқты қаланған және аралары немесе әр қабаты саз балшықпен бекітілген[18]. Үйінді жеті обаның вертикальды жапырақ тәріздес сыртқа бекінісімен тұтасып, ені 1,5-1,7 метр болатын дөңестеу тас "белбеумен" беки түскен. Осындай үйіндіден бесжеті метр қашықтықта ені екі метр, биіктігі 50-60 сантиметр тас "белбеу" Бесшатыр обаларынан да кездеседі[19]. Енисейдің орта ағысында тагар мәдениеті мен Тувадағы сағлы мәдениетінен басқа Еуразиядағы барлық ескерткіштер кездесетін тас "белдіктер" тек бекінді емес, олардың айрықша ғұрыптық рөлі болған. Үйінді шетінде кездесетін тас "белбеу" б.э.д II ғасырға жататын Аралтөбе обасы үстінен 0,15-0,5 метр тереңдікте. Мүмкін бұл уақыт келе жерлеу т.б функциясының мәнін жоғалта бастауын білдірсе керек. Аралтөбе обасы үйіндісінен орталыққа қарай дөңестеу келген, ортадан шетке қарай "он екі" жаққа тармақталып кететін, жалпағынан қойылған плиталардан тұратын радиальды сәуле бар. Мұның бәрі күн культімен тікелей байланысты. Қазақстан ерте көшпелілерінің элиталық обалары ішінен тек құрбандық шалу, табыну мақсатында тұрғызылған, адам жерлеуі жоқ белгісімен ерекшеленетін ғұрыптық ескерткіштердің бірі – Бәйте. Үш сантиметрге дейін қалыңдықта топырақпен тегістелген қабат үстіне биіктігі бес-жеті метр, 25-30 метр көлемде тастан тұратын ғибадатхананың жер беті құрылысы салынды.

Оба маңы құрылыстары

Әдетте оба маңы құрылыстары әр дәуірде жерлеу ғұрпына сай ерекшелене, әр мақсатта қойылды. Ерте темір дәуірі оба маңы құрылыстарына ор, үйметас(выкладка), шұңқырлар, кейде ғана

[14] *Акишев К.А.* Могильник Бесшатыр – усыпальница царей саков тиграхауда// Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата. 1963.

[15] *Акишев К.А.* Могильник Бесшатыр – усыпальница царей саков тиграхауда // Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата. 1963.

[16] *Погодин Л.И.* Курганные насыпи как объект исследования// Использование методов естественных и точных наук при изучения древних историй Западных Сибири. Барнаул. 1983. 9-11 бб.

[17] *Руденко С.И.* Культура населения Алтай в скифское время. М., 1959. 69 б.

[18] *Горбунов А.П.* и др. Вечная Мерзлота – хранительница древностей. Алматы, 2000. 29-32 бб.

[19] *Акишев К.А.* Могильник Бесшатыр – усыпальница царей саков тиграхауда //Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата. 1963. 54-78 бб.

вертикальды объектілер – менгирлер, тас діңгектер жатады. Осылардың ішінде ең көп таралғаны – үйметастар. Патшалық обалар ішінен бұл түр Түгіскенде, Берелде, Есікте және Бәйтеде кездеседі. Дөңгелек үйметастардың семантикасы жөнінде пікір көпжақты. Есік обасы материалдары үйметастардың обамен қатар біруақытта салынуы екі талай екендігін көрсетті[20]. Яғни, үйметастардың ата-бабасынан қорыққандықтан, не сыйынғандықтан құрбандық шалу орны болуынан басқа да атқарған функциясы болған. Берел обасының солтүстік-шығысынан оңтүстік-батысына қарай жеке-жеке, бөлектене жатқан кіші көлемді плиталар үйіндісі, біріншіден, обаның етегінде жатыр, екіншіден, ешқандай құрбандық шалған белгі байқалмады. Ерте көшпелілер дәуірінде вертикальды обьектілер ғұрыптық емес, жерлеу құрылысының маңына қойылды. Үлкен Бесшатыр обасының шығысынан оңтүстікке қарай созылып жатқан 94 менгир-қоршау – ғұрыптық орын. Себебі, екі-үш метр диаметрдегі қоршау астынан күлдің қалдығы мен керамика сынығы табылды. Мұның аналогиясы Таулы Алтайдағы I Башадар обасы[21]. Вертикальды объектілер Пазырық обаларының көбінде кездеспейді. Тас қоршаудың ішіне вертикальды тұрғызылған плитасы бар ескерткіш Қаратеңіз жағалауындағы скиф обаларында кейде ғана кезігеді, бірақ қола дәуірінде пайда болды[22]. Жалпы ерте көшпелілер обалар маңына қойылған вертикальды обьектілердің зерттелінуі нашар. Таулы Алтайдағы Пазырық мәдениетінің V Пазырық обасы шығысында вертикальды қазылып қойылған плиталар және Құтырғантас, III Башадар обаларынан батыста жарты ай тәріздес 100-150 метрге созылған вертикальды плиталы дөңгелек қоршаулардың кезігуі Алтайдағы ерте көшпелілер обаларына вертикальды плиталардың қойылуы тән емес деген пікірден аулақ қылса керек. Осы дәуірден бастап пайда болған бұғытастар, кейін түркі дәуірінде нағыз классикалық түрге енді. Олардың орналасуы, саны, мәні туралы ғылымда әлі күнге дейін айтыс. Ерте темір дәуірі обаларында тас діңгектер, тас балбалдар жиі кездеспейді. Бәйте ғибадатханасының оңтүстігіндегі 25-50 тас мүсіндердің екі типі бар: бірінші топқа иығы кең, шындыққа сай келетін 1,8-4 метр ұзындықтағы мүсіндер жатса, екінші топқа белі жіңішке, иығы өте кең ұйқаспайтын 1,5-2,8 метр ұзындықтағы тас мүсіндер жатады. Осы тас мүсіндердің бес-сегізден бір топты құра орналасуы олардың әр рулық әулетке тән екендігін көрсетсе керек. Бәйте I ғибадатханасында осындай топ – бесеу, ал Бәйте II ғибадатханасында – жетеу[23]. Осыдан түйеріміз, Бәйте комплексі көптеген тайпалардың табынатын ғибадатханасы болған.

Б.э.д IV-III ғасырдағы Еуразия даласындағы жаппай таралған оба маңы конструкциясы элементіне орлар жатады. Бір жағынан, үлкен диаметрлі обаны тұрғызу үшін айналасынан топырақ алып, содан ор пайда болды, яғни құрылыс материалы ретінде қолданылды. Бұл көбінесе топырақ үйінділі обаларға тән. Мысалы, Берел обаларында ор жоқтың қасы. Оңтүстік Түгіскеннің №8, 52 және 54 обалары ені екі метр, терендігі 40-60 сантиметр дөңгелене келген ор жерлеу алаңын қоршап жатыр. Басқасынан гөрі төртбұрышты болып келген №22 обасындағы орды ерекше атап өткен жөн. Арал бойындағы Оңтүстік Түгіскеннен басқа обаларда ор аздап кездеседі. Аралдың оңтүстігінде орналасқан Сарықамыс қорымындағы 142 обаның тек жетеуінде ғана ор болса[24], сақ қорымы Ұйғараққа әдейі арнаған монографияда О.А. Вишневская ор бары жөнінде ешқандай мәлімет келтірмейді. Оңтүстік Түгіскенде қабір шұңқыры шетінен төрт метр жерде жерлеу камерасын айналдыра қоршаған ені үш метрдей топырақ дуалы бар құрылыс кездеседі. Дуалдың топырағы сыртындағы ордан алынған. Терендігі 25-30 сантиметр болатын 1,8 метр ендегі ор өртенген шөмшекпен толтырылған. Сірә, жерлеу кезінде барлық құрылысты айнала от жағылатын болса керек. Өртеу нәтижесінде төрт тіреуіш діңгек пен камера үстін жапқан қамыс пен шөмшек қабаттары жойылған және үйінді әлі толық сөнбеген жерде салынған. Қолдағы бар мәлімет бойынша, Қазақстанның басқа өлкесіндегі, әсіресе Бесшатыр, Алтөбе обалары айналасында дөңгелене келетін орларда ешқандай қосымша адамды жерлеу немесе ат сүйегін, әбзелін жерлеу жоқтың қасы. Ал Солтүстік Қаратеңіз жағалауында ерте қола дәуірінен бастап кезігетін және үйінді айналасын-

[20] *Акишев К.А.* Курган Иссык.

[21] *Руденко С.И.* Культура населения Алтая в скифское время. М., 1959. 241 беттер.

[22] *Ольховский В.Г.* Погребально-поминальная обрядность населении степной Скифий (VII-III вв до. н.э.) М., 1994. 178 б.

[23] *Ольховский В.С., Галкин Л.Л.* Культовый комплекс на Устюрте (предварительное сообщение). // СА. 1990. № 4.

[24] *Яблонский Л.Т.* Саки Южного Приаралья. М., 1996. 23 бет.

дағы орларда жерлеу, құрбандық шалу іздері байқалуымен ерекшеленеді[25].

Соған қарағанда, Қазақстандағы элиталық обалар айналасындағы орлар қарапайым түрде болуы мүмкін.

Соңында айтарым, ерте көшпелілердің обалары маңының, қабір үсті, жалпы обалар жер беті құрылысы алдыңғы дәуірдегі обалық дәстүрдің басқа мәндегі жалғасы еді. Бұл дәстүр кейінгі түркі дәуірінде өзінің классикалық түріне енді.

Қабір іші құрылым комплексі

Бүгінгі таңда археология ғылымында обаны зерттеп, алынған материалдарды өңдеуде басты бағдар етіп қабір іші құрылысын: қима-тағанды, қабір шұңқырын, адамды жерлеуді (оның жатысы, бағытталуы және жанындағы заттар) алады. Тек оба құрылысының бір бөлігін зерттеуге басты назар аударуы сыңаржақты пікірлерге әкелді. Дей тұрғанмен қабір іші құрылымындағы басты элементтерді ерте көшпелілер жерлеу ғұрпын жүйелеу мақсатында талдауға көшсек. Осы сала бойынша жақсы зерттелген, бірақ әртүрлі жерлеу ғұрпы тән ескерткіштер Оңтүстік Түгіскен мен Үйғарақ. Қабірдің төртбұрышында ағаш тіреуіші бар жабындылы дөңгелек, не төртбұрышты формадағы Оңтүстік Түгіскен қабір шұңқырының ішінде өлікті жерлесе, ал көне горизонтта өлікті өртеу ғұрпы кездеседі. №8 обада кремация ағаш жабындылы қабір шұңқырында орындалыпты. Бұл шұңқырда өртеу Үйғарақта жоқ. Бұл екі түрлі жерлеу Оңтүстік Арал бойындағы Сакарчага қорымына тән[26]. Әлбетте Үйғарақ пен Түгіскен қорымдары солтүстіктегі көшпелілермен жеке оңтүстіктегі отырықшы мәдениеттің түйісер жерінде орналасқан. Өлікті қабірде өртеу қола дәуірінен келе жатқандығы оны әкелген солтүстіктегі көшпелі тайпалар дегенге келеді[27]. Оңтүстік Түгіскеннен жер бетіндегі ағаш конструкцияда өлікті өртеу ғұрпы белгілі. Ал Үйғарақ обаларында жер бетінде орналасқан жерлеу орны көп болса да (отызға жуық) оның жетеуінде өлікті өртеген. Өртеу ағаш құрылыс ішіндегі қамыс төсеніште қабырғасын тоқыған қамыс немесе ағашпен жапқан қабір шұңқырында орындалды. Мүрдені жер бетінде жерлеу соңғы қола дәуірінен бастап шығыста Қарасуқ мәдениеті кешенінен (үшеу) батыста "қималықтарға" дейін тараған. Қызласовтың пікірінше, өтпелі кезең (б.э. д VIII-VII ғ.) мен ерте скифтер кезеңі (б.э.д VII-VI ғ.) уақытына сай келеді[28]. Тіпті мұндай жерлеулер қыста салынған деген пікір де баршылық Кремация ғұрпының пайда болуы мен таралуын Самар, Саратов және Еділ бойын зерттеген К. Ф. Смирнов[29] пен Төменгі Днепрді зерттеуші В.В. Отрощенко[30] андронов мәдениетінің феодоров кезеңімен байланыстырады. Сақ дәуірінен кейін де кремация өз жалғасын Шірік-Рабатта (б.э.д IV-IIIғ) табады. Оңтүстік Түгіскенде қазылған отыз жеті обаның жиырма тоғызы қабір шұңқырында жерленген. Оның жиырма бірінде ағаш жабынды болған. Ағаш жабындысы өртенбеген обалар жерлеу камерасы бұрыштарында шұңқыр және қабырға бойы терендетіп қазылған орлары бар т.б болып келеді. Арал бойынан басқа мұндай аналогиялы ғұрып Зарафшаннан төмендегі Қалқансай қорымында кездеседі. Мұны археолог О.В. Обельченко б.э.д VII ғасырға жатқыза отырып, бұл жерлеу ғұрпы Арал бойы сақтарының миграциясы әсерінен пайда болған дейді[31]. Чернолес уақытында қабір ішіндегі шұңқырлар шынымен де діңгек орнату үшін қазылса, ал Белозер кезеңінде бұл мәнінен айрылып тек ағаш қаңқалы құрылыс - жертөленің имитациясы болды[32].

Үйғарақ пен Түгіскен обалары қабір шетіндежер төленің имитациясы болды. Үйғарақ пен Түгіскен обалары қабір шетінде "бұрыштық" діңгек тек практикалық мәнде қолданылған. Оған дәлел Синташтадағы обада жерлеу камерасы қабырғасын тақтаймен жабуда пайдаланылған. Бұл қабір шұңқыры элементінің Солтүстік Түгіскеннің №7 мавзолейінде де кездесу тегін андронов мәдениетімен байланыстырады.

[25] *Ольховский В.Г.* Погребально-поминальная обрядность населении степной Скифии (VII-III в в до. н.э.) М., 1994. 123 б.

[26] *Яблонский Л.Т.* Население Южного Приаралья в раннем железном веке (археология и антропология памятников) автореф дисс д.и.н. М., 1997. 40 б.

[27] *Маргулан.А.Х.* Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата. 1979. 64 б.

[28] *Кызласов Л.Р.* Древняя Тува (от палеолита до IX в). М.1979. 27 б.

[29] *Смирнов.К.Ф.* Проблема происхождения древних сарматов.//СА. 1957. №3. 21 б.

[30] *Отрощенко.В.В.* Погребения с трупосожжениеми у племен срубной культуры Нижнего Поволжья //Энеолит и бронзовый век Украины. Киев. 1976. 185 б.

[31] *Обельченко О.* В. Курганы ранних кочевников в низовьях Зерафшана. // Скифо-сибирское культурно-историческое единство. Кемерово. 1980. 250-258 бб.

[32] *Граков Б. Н. , Мелюкова А. И.* Об этнических и культурных различиях в степных и лесостепных областях Европейской части СССР в скифское время //Вопросы скифо- сарматской археологий. М.1954. 110-117 бб.

Үйғарақта жер қабірлерінің Түгіскенде жоқ түрі бар. Бұл негізінен бұрыштары дөңгеленіп келетін тікбұрышты тар молалар. Құрылымы жағынан Үйғарақ пен Оңтүстік Түгіскенді жақындастыратын белгілерге жерлеу камерасы түбіндегі қамыс төсеніш, ағаш сырғауыл және қамыс немесе бұтадан тұратын жабынды жатады. Жерлеу камерасының бетін тіреуіш төрт дінгегі бар қабатпен жабу қима мәдениеті обаларынан кездеседі және үйіндіні тұрғызбастан бұрын от жаққан. Кейінгі қима мәдениетінің тұрғындарының Солтүстік Кавказға қоныс аударуы бұл ғұрыптың таралуына ықпал жасады. Сонымен осы ғұрыпты Шығыс Европаның кейінгі қима және ерте скифтер кезеңіне тән деп пайымдау әлі ерте.

Қабірдегі ағаш конструкцияны өртеу Жоғарғы Обьтағы большеречен мәдениетінде, ал қоладан ертетемір дәуіріне өтер тұста Есіл бойында таралды.

Л. В. Зданович айтқандай, неғұрлым шығысқа қарай жүрген сайын өлікті өртеу ғұрпы азаяды[33].

Шығыс Қазақстан мен Жетісу элиталық обаларының қабір құрылымындағы ортақ қасиет-қабірлерді салуда бөренелердің қолдануы.

Қима-таған көлемінен үлкенірек етіп шұңқыр қазады және оған қима-тағанды (Берел) немесе қиылыспайтын бөренелерден тұратын (Шілікті) дүниенің төртбұрышына бағытталған камера орнатқан.

Пазырық мәдениетіне тән белгілердің бірі ретіндегі қима-таған ертетемір дәуірінің ерте кезеңінен бастап кең таралған құрылымға жатады. Тағанның оңтүстік және солтүстік қабырғалары ұзын. Қима-таған – тұрғын үйдің имитациясы. Оған дәлел аналогиялы Пазырық обаларында терезе ойығының болуы, жерлеу камерасының шаруашылық және тұрмыстық болып бөлінуі, қабырғаларында кілемнің ілініп қойылуы[34]. Қима-таған ішінде барлық Пазырық обаларына тән екі құлақты және Башадар обасына тән төрт құлақты балқарағай немесе самырсыннан жасалған саркофаг болды, онда еркек пен әйел жерленді. Башадар I обасы материалдары жерлеу камерасы қабір шұңқырындай емес, басқа жерде алдымен салынғандығын көрсетеді. Пазырық мәдениеті ескерткіштеріне тағы бір ортақ қасиеті – жерлеу камерасы үстін киізбен, оңқырық қабат қайың қабығы және бір метрдей қалындықтағы куриль шайымен жабуы.

Ал енді жерлеу камерасының бір тобы ұзын кірер жер – дромосты қарастырайық. Ерте көшпелілер обаларының жер асты және жер үсті де құрылысына тән.

Кірер шұңқыр ретіндегі Оңтүстік Арал бойындағы Сарықамыс пен Шығыс Арал бойындағы Үйғарақ материалдарынан белгілі[35].

Шілікті және Бесшатыр обаларында жерлеу камерасы астынан мөлшермен 2 метр терендікте жартылай топырақ немесе таспен толтырылған ені 0,75-1,10 метр дромос табылды. Шіліктідегі дромос шығысқа қарай 8,40 метрге дейін ені 1-1,90 метр болып 1,2 метр терендікте жатыр. Бесшатырда қосымша жеті жолы бары камераның солтүстік-батысынан оңтүстік-шығысқа дейін созылған дромос бар.

Бірақ та бұрыштарында шұңқырлар кездесетін төртбұрыш формадағы, ағаш жабындылы Оңтүстік Түгіскен дәлізтәрізді дромостың аналогиясы жоқтың қасы.

Сонымен бірге Таулы Алтайдағы Құтырғантас обасының шығыс жағынан дромос ашылды[36].

Жалпылай айтқанда, ерте көшпелілердің дромосты жерлеу тәсілі Еуразия даласының батысынан гөрі шығыс аймағына тән ерекшелік.

Ерте көшпелілер қоғамы этникалық, әлеуметтік құрылыстарының жерлеу және рәсімдік құрылымдарда көрініс табуы

Жерлеу–ғұрыптық ескерткіштерді зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер осы обаларды қалдырған тайпалардың, тұрғындардың этникалық тегі, әлеуметтік құрылысы жөніндегі көкейтесті мәселелерге жауап беретіні нақ.

Ян–Шу-да мәліметінде келтірілгендей, Хань династиясының әдет-ғұрып заңы бойынша биіктігі 12,8 метрден аса оба үйіндісі тек император әулетінің мүшелеріне ғана лайықты. Жоғары ақсүйектер обасының биіктігі 12,8 метрге дейін болса, ал жоғарғы мәртебелілер оба құрылысының биіктігі 4,8 метрге дейін болған екен[37].

Әр қоғамда үш әлеуметтік топ болады десек, К.А. Ақышев Бесшатыр обаларын зерттей отырып, ондағы үш әлеуметтік топты (жоғары әскери шенділер, ақсүйектер және қатардағы қауым мүшелері) анықтайды[38].

Яғни, салынған үйіндінің диаметрі мен биіктігіне қарай әлеуметтік дәрежесін анықта-

[33] *Зданович Е.Б.* Синташта. Челябинск. 1992. 379 б.

[34] *Руденко С.И.* Культура населения Алтая в скифское время. М., 1959. 321 б.

[35] *Вишневская О. А.* Культура сакских племен низовьев Сырдарьи в VII-V в до.н.е (по материалом Уйгарака) // Труды ХАЭЭ. М.1973. т.VIII.

[36] *Полосьмак Н.В.* Стерегующие золото грифы. М. 1992. 86 б.

[37] *Кюнер Н. В.* Китайские источники о народах Южней Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. М.,1961, 283 б.

[38] *Акишев К.А.* Экономика и общественный строй Южного Казахстана и Северной Киргизии в эпоху саков и усуней (II в до.н.э. V в н.э.) автореф. дисс. д.и.н. М.1986. 37 б.

ды. Жетісу өлкесін "патшалар" еліне жатқызды. Әрине мұндай үлкен обаларды тұрғызуға көп жұмыс күші кететіні рас. Бұл көшпелі қоғамда рулық институтының болғандығына еш күмән тудыртпаса керек.

Үлкен обалар тек тайпа көсемдері, ақсүйектерге, жоғары әскери шенділерге ғана емес, сол қоғамда елеулі рөл атқарған абыздар мен ру ақсақалдарына да тұрғызылған. Сонда жанұя мен қоғамдағы әйелдер орны қандай еді? Бұл мәселеге арнайы зерттеу жүргізілмесе де, өз уақытында А.Д.Грач, Н.В Полосьмак және Л.Т.Яблонскийлер еңбектерін арнады. Пазырық мәдениеті және Үйғарақ обалары жерлеу орындарының жартысы әйелдікі.

Үйғарақта жерленген әйел адамдарда монголоидтық белгі айқын білінеді және әйел адамды өртеген. Арал бойын мекендеуші сақтар өмірінде от культі басым орын алғандықтан, тек әйелдерді өртеуі тегін емес және олардың қоғамда беделді екенін көрсетеді.

Сонымен бірге олардың көршілері савроматтарда матриархат орын алғаны Геродоттан белгілі. Пазырық мәдениеті қима-тағандарында әйел мен еркектің де, яғни қос жерлеу тән. Ақ-Алақа I қорымының №2 обасында буын ауыруынан қайтыс болған егде адам жанында қамқоршысы, жауынгер қыз жерленген[39].

Мұның бәрі қоғамдағы әйел орнының жоғары болғандығын, "ерінің" жанына әйелдерді күштемей, өз өлімімен көп актілі жерлеу негізінде жерленгенін көрсетеді.

Еуразия даласындағы ерте көшпелілер мәдениетінің "үштігі" арқылы сақ-скиф әлемі тұтастықта жатыр. Алайда әр тарихи-мәдени аймақтың, әр тайпаның сақ-скиф мәдени бірлігін құрудағы рөлі анықталмауда. Егер де бір өлкедегі ескерткішімен ұқсаатығы байқалса, бұл сақ-скиф мәдениетінің бірлігі емес, тек тарихи-мәдени артықтық. Кезінде М.П.Грязнов "әр археологиялық мәдениет әр этноска жатады" деп айтқан сөзінде жан бар[40].

Б.э.д V ғасырдағы демографиялық процесс буфер зоналарының пайда болуына әкелді. Ішкі этникалық араласулар және сыртқы (батыстан гректер, шығыстан ахеменидтер) әсерлер көшпелілердің бірі-бірімен үндестікте жатуына әрі қарай ықпалын тигізді. "Бесшатырлықтар" мен "Есіктегілердің" Памир, Ферғана көшпелілеріне тигізген ықпалын Литвинский мойындаған және арасында ортақ қасиеттердің барын кезінде Бернштам айтып кеткен-ді[41]. К.А.Ақышевтің көрсеткеніндей, қола дәуірінің архайкалық формасын сақ әлемінде сақтап қалған және шығыстан батысқа қарай өткен миграцияның бәріне де ұшыраған өлкелерге Арал бойы мен Жетісуды жатқызамыз[42]. Тамырын Солтүстік Түгіскеннен алып жатқан Оңтүстік Түгіскен мен Үйғарақ қорымдарының орналасқан жері бір болса да, жерлеу ғұрпының өзгешелігіне байланысты екеуі екі бөлек этникалық топты құрайды.

Б.э.д VIII-VII ғасырларда Оңтүстік Алтай, Тува және Солтүстік–Батыс Монголия тұтас мәдени-саяси өлке болды.

Б.э.д VI ғасырда Алтайда идеология ауысып, тұрғындар құрамы жартылай өзгерді[43]. Жерлеу ғұрпында үлкен жартылай сфералы үйінді, қиматаған сақталып, терең шұңқыр, шығысқа адам басын қаратып қою, бір қабірде жылқымен бірге жерлеу деген сияқты жаңашыл өзгерістер кірді. "Шіліктіліктілер" мен "Майемерліктер" өздерінде алтындары бола тұрып, сауда жолдарына бақылау жасау ниетімен көршілеріне шабуыл жасап тұрған. С.С.Черниковтың айтуы бойынша, б.э.д VII-IV ғасырда Шығыс Қазақстанда өмір сүрген тайпалар да жерлеу құрылымы ерекшелігіне қарай Солтүстік және Оңтүстік болып екіге бөлінеді. Пазырық мәдениеті ареалына енетін солтүстік топ Усть–Бөкен қонысына дейін таралған. Ал Д.Е. Ануфриев ескерткіштерінің географиялық орналасуы бойынша Қазақ және Таулы Алтай обаларын төрт тайпалық орталыққа (Урсуль, Шуй, Бұқтырма, Қатынды, Укок) деп бөледі[44]. Шынымен де құрамына Аржан, Салбық, Пазырық I-V т.б далалық "пирамидалар" енетін Алтай аймағын алып жатқан "Пазырықтықтар" – Алтын қорығандар елі еді.

Резюме

Данная статья посвящена к проблеме типологии и классификации элитных курганов ранних кочевников казахских степей. По нескольким критерием в сравнении рассматривается эталонные памятники, такие как Уйгарак, Тугискен, Шиликты, Байте.

Summary

This article devotes to tipology and classification of elite kurgans of early nomads of kazakh deserts. By several critiques to comparative regarded standart monuments, like as Uigarak, Tugisken, Shilikti, Baite etc.

[39] *Полосьмак Н. В.* Стерегующие золото грифы. М.1992. 142 б.

[40] *Грязнов М.П.* Саки. // История Киргизий. Фрунзе.1963. т1.

[41] *Бернштам А. Н.* Проблемы Истории Восточного Туркестана. // ВДИ. 1947. №2.

[42] *Акишев К. А.* Саки азиатские и скифы европейские: общее и особенное в культуре // Археологические исследования в Казахстане. Алма-Ата. 1979.

[43] *Могильников В. А.* К этнокультурной ситуаций на Алтае в скифское время.// Скифская эпоха Алтая. Барнаул. 1986. 108-111 бб.

[44] *Ануфриев Д. Е.* Социальное устройство Пазырыкского общества Горного Алтая. // Социально-экономические структуры древних обществ Западной Сибири. Барнаул.1997. 108 б.